

8D10102 - «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені деңгейімен және оның VDR генінің полиморфизмімен байланысы» тақырыбындағы Донаева Айнұр Ерғалиқызының докторлық диссертациялық жұмысына қалыпты физиология кафедрасының доценті, PhD, қауымдастырылған профессор Айнұр Аманжолқызының ПІКІРІ

Донаева Айнұр Ерғалиқызы - 2016 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде акушер-гинеколог мамандығы бойынша интернатураны бітірді.

2019 жылы резидентураны аяқтағаннан кейін, 2020 жылы 8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша өзінің ғылыми-педагогикалық дайындығын шыңдады. 2023 жылы докторантураны тәмамдаған соң, қалыпты физиология кафедрасында еңбек өтілін жалғастыруда.

Сол жылдан бастап, ЖОО және БЖҒМ ҒТЖ конкурстарға өтінімдер беруде өз идеясымен ерекшеленді және 2021 жылға арналған Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын 1 ғылыми-техникалық жобаның жеңімпазы және орындаушысы қызметін атқарды.

А.Е. Донаеваның диссертациялық жұмысы АР09563004 «Біріншілік дисменореясы бар жасөспірім қыздарда сүйек тінінің метаболизмі мен минералдық тығыздығы жағдайының ерекшеліктері» жоба аясында жүзеге асырылды.

А.Е. Донаеваның диссертациялық жұмысы балалар гинекология саласындағы өзекті мәселелердің біріне, атап айтқанда, біріншілік дисменорея жасөспірім кезеңінде басқа аурулар мен патологиялық процестерді болжауда, эндометриоз және аденомиоз дебюті жасөспірімдік шағында диагностикалауда және мектептегі абсентеизмнің себептері арасында бірінші орында және жасөспірім қыздарды ауруханаға жатқызудың шұғыл себептері арасында төртінші орында (13%) болып табылатын үлкен мәселелерін шешу болып табылады.

Әрине, жасөспірім - бұл физиологиялық және эмоционалды-тұлғалық өзгерістермен сипатталатын адам өміріндегі өтпелі кезең. Сондықтан да, жасөспірім қызбалаларда болатын негізгі физиологиялық өзгерістердің бірі – менарх жасы, ол көбінесе тұрақты емес етеккір проблемасымен, жыныстық жетілу кезеңіндегі жатырдан қан кетумен және біріншілік дисменореямен байланысты. Мұның өзі балалар гинекологиясының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады және БД пайда болуының жоғары жиілігімен және жасөспірім қызбалалардың өмір сүру сапасын нашарлататын әлеуметтік-психологиялық аспектісіне тікелей байланысты.

Осы тұста, докторант барлық ғылыми зерттеу әдістерін ғылыми зерттеулер қағидаттары мен стандарттарына сәйкес жүргізді.


Докторант өзінің ғылыми еңбегінде алғаш рет жүргізген зерттеу нәтижесінде БД болжау моделін ұсынады және ҚР пайдалы моделінің патенті алынды.

Диссертациялық жұмыс сөзсіз ғылыми-практикалық, тәуелсіз зерттеу болып табылады. Зерттеудің статистикалық әдістерінің заманауи кешенімен расталған сенімді тұжырымдар жұмыстың жоғары ғылыми деңгейін айқындайды.

Айнур Ерғалиқызы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, бұл өз кезегінде жан-жақты әдеби шолу жүргізуде еркін бағдарлауға, халықаралық басылымдарда мақалалар жариялауға мүмкіндік берді. Жоғары теориялық және практикалық дайындығымен, табандылығымен, жұмысты ұйымдастыру қабілеттілігімен, үлкен еңбекқорлығымен және адамгершілік қарым-қатынасымен ерекшеленді. Барлық жақсы қасиеттер оның ғылыми зерттеуін сәтті аяқтауына негіз болды.

Осылайша, Донаева Айнур Ерғалиқызының докторлық ғылыми-зерттеу жұмысы «Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені деңгейімен және оның VDR генінің полиморфизмімен байланысы» 8D 10102 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

**Ғылыми кеңесші, PhD,
қауымдастырылған профессор:**

Қолы подпись  А. Аманжолқызы
КУӘЛАНДЫРАМЫН УДОСТОВЕРЯЮ
Кеңестің ғылыми хатшысы
Ученый секретарь совета